


ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 14-12-3033
6 10 2025

Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес, **2025 жылы 29 қазан** күні «Үздік бейнесабак» сырттай байқауының (орыс тілі мен әдебиет пәні педагогтары арасында) өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, аталған іс-шараға Ережеге сәйкес орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қатысуын қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

Басшы



М.Сванов

Орындаған: Г.Суюндукова
87027010640

Аудандық «Үздік бейнесабак» сырттай байқауының
(орыс тілі мен әдебиеті пәні педагогтары арасында)

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже аудандық «Үздік бейнесабак» сырттай байқауын (орыс тілі мен әдебиеті пәні педагогтары арасында) өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

1.2. Аудандық «Үздік бейнесабак» сырттай байқауын Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімі ұйымдастырады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты – орыс тілі мен әдебиеті пәні педагогтерінің құзыреттіліктерін арттыру, озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау.

2.2. Міндеттері:

- орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби дағдыларын жетілдіру;
- оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың интерактивті әдістерін қолдануды насихаттау;
- заманауи инновациялық білім беру технологияларын енгізу және тарату;
- шығармашыл ұстаздарды қолдау және педагог кәсібінің беделін арттыру.

Байқауға қатысушылар

Байқауға білім беру ұйымдарының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері қатыса алады.

3. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- байқаудың қазылар алқасының құрамын белгілейді, олардың жұмыстарына қажетті материалдармен қамтамасыз етеді;
- байқаудың бағалау өлшемдерін жасайды;
- байқауға ақпараттық сүйемелдеу жүргізеді;
- жеңімпаздарды марапаттауды ұйымдастырады.

4. Байқаудың өткізілу барысы мен тәртібі

4.1. Байқау 2024 жылдың 31 қазан күні өтеді.

4.2. Байқауға пән мұғалімдері үздік сабақ жоспарларын (бейнесабак және қысқамерзімді сабақ жоспарларын) ұсынады. Берілетін уақыт – 20 минут.

4.3. Бағалау критерийлері:

- сабақ мазмұнының ғылымилығы, өмірмен байланысы;
- сабақ мазмұнының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- рәсімдеу талаптарына сәйкестігі;
- оқу мақсатының нақты қойылуы және орындалуы;
- әдіс-тәсілдердің тиімділігі;
- мұғалімнің шығармашылық белсенділігі мен даралығының көрінісі;
- сабақ беру үрдісінде оқушылардың ынтасы мен белсенділік іс-әрекетін жоғары деңгейде ұйымдастыра білу қабілеті;
- білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану деңгейі.

4.4. Әр мектептен **1 бейнесабак** (бейнесабак және **ҚМЖ қағаз түрінде**) ұсынылуы тиіс.

4.5. Байқау материалдары **2025 жылдың 27 қазанына дейін** abb_gulia@mail.ru электронды поштасына(бейнесабак) жіберілуі қажет.Сұраныс ,ҚМЖ қағаз түрінде әдіскер Г.Суюндуковаға өткізілсін. Байланыс телефоны: 87027010640

5. Байқауға қатысу шарттары мен ұсынылатын материалдар

- аудандық (қалалық) білім бөлімінің сұранысы;
- мұғалім жұмысының мазмұны мен бағытын нақтылап көрсететін жинақ материалы (сабақ жоспары, бейнесабак);
- бейнесабакта автордың аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы көрсетіледі.

6. Байқауды қорытындылау

6.1. Аудандық «Үздік бейнесабак» сырттай байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады.

6.2. Байқау жеңімпаздары (I, II және III орын иегерлері) Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімінің дипломдарымен марапатталады.